



АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_arayy@mail.ru
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№33 (482) // 31 наурыз // сейсенбі // 2026 жыл



АУҚЫМДЫ АҚЦИЯ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық экологиялық акциясы аясында облыс көлемінде сенбілік өтті. Барлық аудан мен қалада ұйымдастырылған тазалық шарасына 30 мыңға жуық адам қатысты.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Сенбілікте бейберекет шашылып жатқан қалдықтар жиналып, арнайы техниканың көмегімен қоқыс төгетін орындарға жеткізілді. Сонымен қатар ағаштардың түбі әктеліп, 5640 түп тал отырғызылды. 45 гектар аумақ күл-қоқыстан тазартылып, 12 тонна қоқыс шығарылды.

Осы күні Қонаев қаласында ағаш отырғызу бойынша ауқымды акция бастау алды. Мақсаты – қаланың экологиялық жағдайын жақсарту, көгалдандыру жұмысын жүргізу



орынбасары Бақытнұр Бақытұлы мұның тек ағаш отырғызу күні ғана емес, туған жерге деген сүйіспеншіліктің,

жоғары азаматтық ұстанымның айқын дәлелі. Табиғатты қорғау, әрбір отырғызылған ағаш – болашаққа қалдырылған аманат, – деген облыс әкімінің орынбасары көпшілікті осы игі іске белсене атсалысып, туған жердің гүлденуіне үлес қосуға шақырды.

Қонаев қаласының С.Сейфуллин көшесіне қарағай мен көктерек көшеттерін отырғызу шарасына әкімдік, департаменттер мен басқармалар қызметкерлері, облыстық мәслихат депутаттары, КХА өкілдері, еңбек ардагерлері, қоғамдық кеңес мүшелері, жастар, еріктілер бір кісідей атсалысты.

Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абағандыру басқармасының мәліметіне сүйенсек, алдағы уақытта бұл игі бастама жалғасын тауып, қалада 20 000 ағаш отырғызу жоспарлануда. Соның ішінде Сейфуллин көшесі бойына 3 мың түп тал егіледі.

Аталған бастамаға қолдау көрсету мақсатында барлық аудан мен Алатау қаласының аумағында да жасыл желектерді отырғызу және санитарлық тазалық жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Қонаев қаласы



және қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Облыс орталығындағы 300-ден астам адам қатысқан игі шара Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаевтың ақ батасымен басталды. Өз кезегінде сөз алған облыс әкімінің

елге деген жанашырлықтың және келер ұрпақ алдындағы азаматтық парызымыздың жарқын көрінісі екенін айтты.

– Бүгінгі шараға жиналған қауымның бірлігі мен белсенділігі – ел болашағына деген ортақ жауапкершіліктің және

● ЖАҢА НЫСАН

Іле ауданында «Өтеген батыр-Арена» спорт кешені есігін айқара ашты. Ол жеке инвестордың қаражатына салынды. Кәсіпкер Ернар Айдар футбол, баскетбол және волейбол алаңдарын тұрғызып, ауыл тұрғындарының спортпен айналысуына мүмкіндік ашып отыр.

● Алма ЕСЕНБАЙ

Кешеннің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, Іле ауданының әкімі Қайыржан Жақсымбетов, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт ардагері Қапар Рауанов және Балқаш ауданының Құрметті азаматы Айдар Әліпбаев, өңір жұртшылығы қатысты. Өзінің құттықтау сөзінде Ғани Айдарұлы бұл спорт кешеніне инвестор шамамен 200 миллион теңге инвестиция салғанын, бұл бастамасы ғана екенін, алдағы уақытта да қаржыландыруға ниет білдіріп отырғанын айтты. Сондай-ақ мұндай бастамаларды облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің қолдап, көмек көрсететінін жеткізді.

– Спорт кешені адамдардың үйінің жанында болуы керек. Дене шынықтырумен айналысу үшін үлкен қалаға барып жүрмеуі тиіс. Тұрғындарға жайлы жағдай жасау мақсатында біз инвесторлармен жұмыс істеп, өңірдің дамуына үлес қосқысы келетіндерге қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Ғани Майлыбаев.

Бұдан соң кешеннің спорт залдарын аралап, балалармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесті. Белгілі болғандай, мұндай нысандарға сұраныс жоғары. Жақын маңда көптеген көпбалалы отбасылар, белсенді жастар тұрады. Олар кешеннің ашылғанына өте қуанышты.

Кәсіпкер Ернар Айдар кешен сегіз ай ішінде барлық заманауи стандарттар

Заманауи спорт кешені



бойынша салынғанын, орталықта адамдардың спортпен айналысуына барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

– Мұнда балалар жаттығады, түрлі жарыстар өтеді. Бұл орталық бұқаралық спорттың дамуына да серпін бермек. Осы жерден халықаралық аренада еліміздің Туын көтеретін балалар көптеп шығады деп сенемін, – деді ол.

Спорт кешенінің ашылу салтанаты концерттік бағдарламаға ұласып, келген қонақтар наурызкөжеден дәм татты.

Іле ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына да қатысты. Ол мұндағы тазалық жұмысының қалай ұйымдастырылып, бірінші кезекте қандай учаскелер ретке келтіріліп жатқанына

мән берді. Көпшілікпен бірге тал егіп, ауданның көркеюіне үлес қосты.

Бұл күні акцияға 2800-ден астам адам қатысып, 27 арнайы техника жұмылдырылды. Бірнеше сағат ішінде 116 тонна қоқыс шығарылып, 65 ағаш көшеті отырғызылды. Ауалар, саябақтар, жол жиектері тазаланып, әлеуметтік нысандар айналасы ретке келтірілді.

– Тазалық әрбір азаматтың күнделікті әдетіне айналуы тиіс. Бүгінгі сенбілік тұрғындардың бірлігі мен туған жеріне деген жауапкершілігін айқын көрсетті. Осындай бастамалар арқылы біз өңіріміздің таза әрі жайлы болуына үлес қосамыз, – деді Ғани Айдарұлы.

Іле ауданы

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ КҮНІ

Жер бетіндегі жеті миллиардтан астам адам үшін маңызды экологиялық, ғаламдық мәселенің бірі – қалдықтар. Оның қоршаған ортаға қауіп қаншалықты маңызды болса, уақытында тазартып, жойып отыру да – кезек күттірмейтін іс. 2022 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 30 наурыз бүкіл әлемде «Халықаралық қалдықсыз әлем күні» ретінде аталып келеді. Биыл Халықаралық қалдықсыз әлем күні аясында ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі елдегі қалдықтарды тұрақты басқаруға қою және қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту маңыздылығын алға тартуда.



Табиғатқа жанашырлық – тәрбиеден!

● Ерзат АСЫЛ

Деректерге сүйенсек, жыл сайын елімізде 4,3 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдық жиналып, соның небәрі 12 пайызға жуығы, ал облысымызда жылына 460 мың тонна коммуналдық қалдық түзіліп, оның 29 пайызы сұрыпталып, қайта өңделеді екен. Ал кәсіби мамандар негізгі мәселе инфрақұрылымның жетіспеушілігі мен халықтың экологиялық сауаттылығының төмендігінде екенін айтады. Дегенмен «мүмкін емес» деп қол қусырып отыруға болмайды. Қалдықсыз өмір сүру – бір күнде барлық қоқыстан құтылу емес, бұл – саналы тұтыну мәдениеті. Экологтар қалдықсыз өмірге бастайтын үш қарапайым қадам барын айтады. Біріншіден – тегін таратылатын пакеттерден, жарнамалық буклеттерден және бір реттік құралдардан бас тарту. Екіншіден – тек қажетті заттарды ғана сатып алу. «Акция» деп қажетсіз дүниені үйге толтырмау. Сонымен қатар пластикалық құтыларды, шыны банкаларды екінші рет қолдану немесе мұқтаж жандарға беру. Үшіншіден – қағаз, пластика және шыныны бөлек жинап, арнайы пункттерге өткізу. Мүмкіндік болса, тамақ қалдықтарын компост жасауға пайдалану. Алайда осы қағидаларды мызғымас ұстанымға айналдыру үшін адамдар бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру аса маңызды.

Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл жағдайы көпшілікті алаңдататыны рас. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін толық ауқымды экологиялық ревизия жүргізу керек екенін мәлімдеген есімізде. «Біздің қоғамдағы экологиялық мәдениет мәселесі өте маңызды. Әлемдік экологиялық антирейтингте Қазақстан, өкінішке қарай, көшбасшы позициясында тұр. Біздің елде экологиялық проблемадан ада бірде-бір өңір жоқ. Туындалған бұл жағдай бізді ең батыл әрекеттерге шақыратын өте күрделі жағдай деп есептеймін», – деген болатын Президент.

Халықтың экологиялық білімін арттырып, мәдениетін көтеріп, санасын өзгертуді балаларға экологиялық білім берумен ғана шектеуге болмас. Бала көзбен көргенін істейтінін есепке алсақ, табиғатқа жанашырлық таныту, әуелі ата-анадан бастау алуы керек. Өйткені табиғат аясындағы демалыстан соң пластик бөтелкені тастап кететін, өзен-көлді ластайтын, жануарлар мен құстарды ататын, тіпті шылымның тұқылы мен шемішкенің қалдығын тастайтын – көбінесе үлкендер. Алайда мына бір жайт назар аудармай қоймайды. Мәселен, шетелге қыдырып барған отандастарымыз ол жақта жүрген жерлерін жинап, тәртіп сақтайды. Себебі ол елдің заңы қатал екенін, жат жерде ешқандай жағдайға ұрынбай, аман-есен қайтуды ойлайды. Ал өзіміздегі демалыс аймағына, табиғат аясына шыққанда, керісінше, тамақ қалдығын шашып, айналасын бүлдіріп кетеді. Қайтпек керек, тұрғындарға қолданылатын жазаны, тәртіпті қатаңдау керек пе?

Шындығы сол, әр адамға экологиялық білім керек. Экологиялық мәдениет, ең алдымен, әр адамның бойындағы қасиетіне, отбасындағы тәрбиесіне орай қалыптасады. Мысалы, жапондардың табиғатқа деген көзқарасы, қарым-қатынасы үйлесімді, үндесу философиясынан бастау алады. Табиғатпен үйлесімді өмір сүру, жыл мезгілдеріне тән ерекше құбылыстарды қалт жібермеу – Жапонияда ежелден қалыптасқан дәстүр. «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен сөнді», «Құс қонбаған көл жетім, тыңдалмаған сөз жетім» деп келетін бабалар тағылымы да халқымыздың экологиялық мәдениетінің тым арда жатқанын көрсетеді. Сол құндылықты заман сұранысына қарай қайта жаңғырту керек.

Дегенмен, соңғы жылдарда адамдардың экология туралы түсінігі, табиғатқа деген жанашырлығы мен жауапкершілігі артып келе жатқаны байқалады. Көптеген қазақстандық қалдықтарды сұрыптауға үлес қосып, энергияны үнемдеп, экологиялық таза көліктерді пайдалана бастады. Экологиялық білім мен мәдениетті арттыру үшін әлі де көптеген жұмыс атқарылуы қажет. Өйткені үйіміз бен ауламыз ғана емес, айналамыз, қаламыз, қала берді тұтас еліміз таза болғанда ғана қалдықсыз орта қалыптастыра аламыз.



● **МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ**

Басты мақсат – ашықтықты қамтамасыз ету

Сәуірдің 1-інен бастап елімізде мемлекеттік қызметке қабылдаудың жаңа тәртібі енгізілмек. Бұл жаңашылдық мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырып, іріктеу процесін барынша жедел әрі ашық етуге бағытталған. Осы орайда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айзада ЕРЛАНҚЫЗЫМЕН жаңа жүйенің ерекшеліктері туралы сұхбаттасқан едік.



– Айзада Ерланқызы, мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібіне қандай өзгерістер енгізілетіні туралы айтып берсеңіз.

– Биылғы жылдың 1 сәуірінен бастап мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа цифрлық форматы енгізіледі. Бұл жүйе конкурстық кезеңдерді оңтайландырып, рәсімдердің мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Ендігі жерде бас лауазымдарды 5-7 жұмыс күні ішінде толтыру көзделіп отыр. Оның ішінде құжаттарды қабылдау мен қарау 3 жұмыс күніне, ал конкурстық рәсімдер 3-4 жұмыс күніне жоспарланған. Сонымен қатар жеке қасиеттерді бағалау кезеңі конкурстан тыс өткізіліп, бұрын қолданылған SHL тестілеуі алынып тасталады. Барлық кезеңнің электронды форматта өтуі процесің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді.

– Конкурса қатысу үшін кандидаттар қандай кезеңдерден өтеді?

– Мемлекеттік қызметке орналасқысы келетін азаматтар бірнеше іріктеу сынынан өтеді. Алдымен мемлекеттік тілді және заңнаманы білуге арналған тестілеу тапсырады. Бұдан бөлек, үміткердің кәсіби қызметке байланысты анықтау үшін жеке қасиеттерін бағалау жүргізіледі. Айта кету керек, бұл тестілеулерді кандидаттар конкурса қатысқанға дейін бір рет алдын ала тапсыра алады. Бұл тәсіл олардың білім деңгейімен қатар, тұлғалық және кәсіби қабілеттерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

– Заңнаманы білуге арналған тестілеу қалай жүргізіледі?

– Тестілеу Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін қамтиды. Атап айтқанда, Конституция, Мемлекеттік қызмет туралы Заң, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бойынша сұрақтар енгізілген. Жалпы саны 55 сұрақтан тұратын тестілеуден өту үшін үміткер кемінде 30 дұрыс жауап беруі тиіс. Сонымен қатар әрбір құқықтық акт бойынша кемінде 5 дұрыс жауап болуы міндетті. Бұл талаптар заңнаманы жан-жақты меңгеруді қамтамасыз етеді.

– Жеке қасиеттерді бағалау тестілеуі қалай ұйымдастырылады?

– Жеке қасиеттерді бағалау үш түрлі бағдарлама бойынша жүргізіледі. Біріншісі – басшылық лауазымдарға арналған. Мұнда көшбасшылық, стратегиялық ойлау, жауапкершілік және шешім қабылдау секілді 10 негізгі құзырет бағаланады. Екінші бағдарлама – басшылық емес әкімшілік лауазымдарға бағытталған. Онда күнделікті қызметте қажет 7 құзырет қамтылған. Ал үшінші бағдарлама жұмыс өтіліне талап етпейтін төменгі лауазымдарға арналған. Бұл деңгейде үміткердің эмоционалдық тұрақтылығы, қарым-қатынас дағдылары және логикалық ойлау қабілеті сараланады.

– Тестілеу нәтижелері қанша уақытқа дейін жарамды болады?

– Заңнаманы білу және жеке қасиеттерді бағалау нәтижелері бір жыл бойы жарамды болып есептеледі. Осы уақыт аралығында үміткерлер түрлі конкурстарға қатыса алады. Сонымен қатар жеке қасиеттерді бағалау тестін айына үш ретке дейін қайта тапсыру мүмкіндігі қарастырылған.

– Конкурса қатысу үшін құжаттар қалай тапсырылады?

– Құжаттар толықтай электронды форматта, жеке кабинет арқылы жолданады. Қажетті мәліметтерді eGovMobile және Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады. Алайда білім туралы құжаттардың қосымшаларын міндетті түрде тіркеу қажет. Бұл тәсіл қағазбастылықты азайтып, процесі жеңілдетеді.

– Конкурса қанша кандидат жіберіледі?

– Конкурса тест нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған ТОП-5 кандидат қана өтеді. Бұл жүйе үздік үміткерлерді іріктеуге бағытталған.

– Басшылық лауазымдарға үміткерлер үшін қандай қосымша кезеңдер қарастырылған?

– Басшылық қызметке үміткерлер 250 сөзден аспайтын эссе жазып, бейнебайланыс арқылы аналитикалық ойлау қабілеті бағаланса, сұхбат кезінде кәсіби тәжірибесі мен басқарушылық әлеуеті зерделенеді.

– Ал басшылық емес лауазымдарға үміткерлер қандай тапсырмалар орындайды?

– Бұл санаттағы кандидаттарға практикалық тапсырмалар беріледі. Мысалы, аналитикалық жазба дайындау, ресми хат жазу немесе азаматтардың өтініштерін қарау сияқты тапсырмалар ұсынылады. Бұл олардың нақты жұмыс жағдайындағы қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

– Практикалық тапсырмалар қалай бағаланады?

– Тапсырмалар келесі жұмыс күні ішінде комиссия мүшелері тарапынан бағаланады. Жүйе барлық нәтижелерді автоматты түрде есептеп, ең жоғары балл жинаған кандидат жеңімпаз ретінде анықталады. Егер ұпайлар тең болса, еңбек өтілі мен білім деңгейі ескеріледі.

– Жаңа өзгерістерді енгізудегі басты мақсат қандай?

– Негізгі мақсат – мемлекеттік қызметке қабылдау процесінің тиімділігін арттыру, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету. Онлайн формат кандидаттарға қолайлы жағдай жасап, мемлекеттік қызмет жүйесін заманауи талаптарға сай дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл өзгерістер кәсіби әрі білікті кадрларды тартуға мүмкіндік береді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан – Құралбек СӘБИТҰЛЫ

● **ТУРИЗМ**



«Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрылғанына биыл – 30 жыл. Айтулы күнге орай парк аумағындағы Бұтақты шатқалында визит орталығы ашылды. Орталықтың ашылу салтанатына ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Данияр Тұрғамбаев, «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Елнұр Ахметов қатысты.

кәдесей дүкені, тамақтану орны, ойын алаңы және террасалармен қамтылған. Ал орталық аумағына электр желілерін тартуға Алматы қаласының әкімдігі қолдау көрсеткен. Қазіргі заманғы стандарттар бойынша құрылған орталық келушілерге ұлттық парктің қызметі туралы қажет ақпаратты ұсынады. Жаңа «Бұтақты» визит орталығы экологиялық білім беру, мәдени іс-шаралар, шеберлік сабақтары мен тимбилдингтер өткізуде заманауи алаң болып саналады. Ол арқылы туризм мен экологиялық мәдениетті насихаттауға да үлкен үлес қосылмақ.

Визит орталығы ашылды

● Ерзат АСЫЛ

Алғашқы болып сөз алған комитет төрағасы Данияр Тұрғамбаев орталық тәулігіне жүздеген адамды қабылдай алатынын, 20 адамға жұмыс орны ашылғанын, сондай-ақ Үлкен Алматы көлінде тағы бір заманауи визит орталығын салу жоспарланып жатқанын айтты.

«Визит-орталықтардың отандық туризмді дамытуда маңызы зор. Өйткені аталған орталықтар арқылы саяхатшылар өңірмен байланыс орнатады. Орталық қызметкерлері туристерге жергілікті жерді бағдарлап, ең тиімді бағытты таңдауға, белсенді демалыс пен мәдени іс-шаралар туралы білуге көмектеседі. Осылайша, қонақтарға қолайлы жағдай жасалады. Бұл олардың елімізге қайта оралуына ықпал етеді. Мұнда көлік қатынасы, тамақтану және орналастыру орындары бойынша кеңес алуға, сондай-ақ туристік карталар мен басқа да ақпараттық материалдарды тегін пайдалануға болады. Кеңес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Бұл орталықтың қызметін шетелдік туристер де еркін пайдалана алады. Бүгінде визит орталықтар Қазақстандағы туризмді жүйелі дамыту құралдарының біріне айналып келеді», – деді Данияр Ғалымұлы.

Аталған нысан – «Туранга Групп» компаниясы мен ұлттық парк бірлесіп салған алтыншы орталық. «Бұтақты» кешені ақпараттық стэнд, дәріс залы,

Жаңа инфрақұрылымдардың көптеп іске қосылуы ұлттық парктарға келушілердің қатарын молайтқан. Айталық, 2019 жылы Іле Алатауына 300 мыңнан астам турист қадам басса, бұл көрсеткіш 2025 жылы 950 мыңға жеткен.

«Ұлттық парк 1996 жылы 8 туристік бағытпен өз жұмысын бастаған болатын. Бүгінде олардың саны 46-ға дейін артып, келушілерге әртүрлі бағыт бойынша сапалы туристік қызмет көрсету мүмкіндігі қалыптасты. Ең танымал бағыттар қатарында Үлкен Алматы көлі, Аюсай визит орталығы, Ой-Қарағай, Түрген сарқырамалары, Есік көлі, Қаскелең және Аксай, Бұтақты шатқалдары бар. Аталған нысандар жыл сайын мыңдаған туристі қабылдап, аймақ туризмінің дамуына елеулі үлес қосып келеді. Биыл 30 жылдыққа байланысты 30 іс-шара ұйымдастырып жатырмыз. Қазір ұлттық табиғи парк аумағында 94 инвестициялық жоба жүзеге асуда. Жалпы 1,5 млн-ға дейінгі турист қабылдауға дайынбыз. Сонымен қатар алдағы үш жыл ішінде парк аумағын кеңейту және туризм саласын дамыту мақсатында тағы 30 жаңа бағыт ашу жоспарлануда. Бұл бастамалар туристік инфрақұрылымды жетілдіруге, экологиялық туризмді дамытуға, келушілерге қолайлы жағдай жасауға және табиғи ортаны сақтай отырып, тұрақты туризм қағидаттарын енгізуге бағытталған», – деді «Іле Алатауы» МҰТП бас директоры Елнұр Мұхамеджанұлы.



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

● **КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСЫ**

Райымбек ауданындағы Сүмбе ауылдық округінің тыныс-тіршілігі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Төрт түлігін түлетіп, Жер-Ананың ырысын ел ізгілігіне жаратып отырған еңбекқор жандар өңір экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Солардың қатарында «Ақбұлақ» шаруа қожалығы да бар.

● Жұмабек ТҰРДИЕВ

1995 жылы ірге көтерген «Ақбұлақ» шаруа қожалығы бүгінде өңірдегі ауыл шаруашылығы саласында өзіндік орны бар, уақыт тынысымен үндесіп, заман талабын қанағаттандыруда жаңашылдықты жатсынбай қабылдай білген берекелі ұжымның қатарынан саналады. Ауыл шаруашылығының тәжірибелі маманы Елжан Бестібаев басшылық жасайтын қожалық еңбеккерлері жыл сайынғы маусымдық нағандарды жоғары жауапкершілікпен атқарып, қажырлылық пен табандылықтың озық үлгісін көрсетумен келеді. Қожалық иелігіндегі 120 гектар суармалы алқапты жыл сайын ерте көктемнен агротехникалық талаптарға

ШАРУАЛАР ЕҢБЕГІ ЕСЕЛІ



сай күтіп, өнім молшылығының негізін қалауды тұрақты жолға қойған. Қардың көбесі сөгілісімен басталатын егістік басындағы қым-қуыт тіршілік қоңыр күзге дейін бір сәт те толастамайды. Күннің аптабына, жаңбыр мен желдің өтіне күрегі мен кетпенін қарсы қоя білетін дикандардың табан ет, маңдай тері күзгі жиын-терін науқанында ақталып,

кемерінен асқан алтын дән мен таулы өңірдің дарқан дақылы қырманға тау-тау болып үйіледі, қамбаға ырыс болып құйылады.

Жер қадірін жан-тәнімен сезіне білетін шаруалардың еселі еңбегі ақталусыз қалған емес. Былтыр көктем шығысымен қожалық мүшелері 70 гектар алқапқа арпа, бидай, 10 гектарға картоп егіп, ала жаздай күтіп-баптады.

Тәжірибені де, қажыр-қайратты да болашақ өнімнің молшылығы жолына сарп етті. Жер-Ананың ерінбей еңбек етіп, тамшылата тер төккенге төсін итіп беретініне сенімдерін нықтай білді. Сол сенімдері селге кеткен жоқ. Нәтижесінде дөңді егістің әр гектарынан 18-20 центнерден алтын астық, картоптың әр гектарынан 200 центнерден жоғары дарқан дақыл алуға қол жеткізді. Сонымен қатар 270 гектар шабындық алқаптан 300 тоннадан аса мал азығы жиналды. Сөйтіп, қысқы мал қыстату науқанына берік қор жасалды. Жазғы нопақасын Ойқарағай жайлауынан айырып, ойға қон жинап түскен төрт түлік шекара ішіндегі Ояшы өңіріне қыстатылып, жиналған жем-шөптің игілігін көрді. Қазір қыстың қатал сынынан сүрінбей өтіп, көктемнің көкөзек аталатын кезеңін шығынсыз әрі қонды күйде қарсы алып отырған жайы бар. Әрине, «Ақбұлақтың» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі жетістігі қожалықтағы істің ығын, шаруаның қырын білетін еңбекқор жандардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара, ұтымды ұйымдаса білуі арқылы

қаланғаны анық. Қожалық агрономы Ерболжан Бестібаев пен Дәулет Шоңбаев, Әскербек Әбутәліпов, Бөкен Қайыпов сынды техниканың құлағында ойнайтын темір тұлпар тізгіншілерінің еселі еңбектерін қалай мақтаса да артық етпейді. Қыс қапарына қажырын қарсы қоя білген қожалық мүшелері көктемгі егіс науқанына дайындықты бастап кетті. Жер жыртатын, тыр-малайтын, тұқым себетін тракторлары мен тасымалдайтын автокөліктер, ауыл шаруашылығы техникалары манызды науқанға сақайдай-сай. Жерге себетін тұқымдық бидай, арпа мен картоп сұрыпталып, агротехникалық талаптардан өткізілді. Осылайша алдағы күздің молшылығы қазірден қалану үстінде.

– Жер – тіршілік өзегі, береке бастауы. Жердің асты-үстіндегі байлықтар – елдің ортақ қазынасы. Сондықтан оны тиімді пайдалану маңызды. Осы ретте жаңа технология енгізу, өнім көлемін арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл экономиканың дамуына да үлкен үлес қосады. Жер – ата-бабадан қалған аманат. Сол аманатты орындап, ел игілігіне жарату – баршамыздың ортақ парызымыз, – дейді қожалық басшысы Елжан Бестібаев.

Райымбек ауданы



● ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ АШЫЛДЫ



Жамбыл ауданының Шолаққарғалы ауылдық округіне қарасты Үмбетәлі ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Ауыл тұрғындары үшін аса маңызды медициналық нысанның ашылуы ел игілігі жолындағы тағы бір маңызды қадам саналады.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

жалпы бөлім басшысы Шолпан Дәулетбаева, ҚР Мәдениет қайраткері, облыстың және аудандың Құрметті азаматы, белгілі қаламгер Күмісжан Байжан, Қарғалы ауылындағы аудандық

аурухананың бас дәрігері Аскар Қалиев, Шолаққарғалы ауылдық округінің әкімі Бағашар Төленті, медицина қызметкерлері және ауыл тұрғындары қатысты. Құрметті қонақтар шараға жиналғандарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, лентасын киді.

Жаңа дәрігерлік амбулатория «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынды. Бұл бағдарлама ауылдық елді-мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Амбулатория бір ауысымда 25 адамды қабылдауға арналған. Медициналық мекеменің жалпы жобасының құны – 498,1 млн теңге. Нысан құрылысына тапсырыс беруші – облыстық құрылыс басқармасы, ал оны орындаушы мердігер мекеме – «Бауырқұрылыс» ЖШС. Құрылыс-монтаж жұмыстары мемлекеттік сатып алу келісім-шартына сәйкес жүргізіліп, толықтай аяқталды.

Жаңа амбулаторияның іске қосылуы ауыл тұрғындарының сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттырып, жергілікті халықтың денсаулығын нығайтуға үлкен мүмкіндік береді.

Жамбыл ауданы

● БРИФИНГ

Алматы облысында көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды. Әңгірде 1800 ер азамат мерзімді әскери қызметке шақырылғандар қатарына жатады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары, полковник Дулат Жұмабекұлы мәлімдеді.



Әскери қызмет – абыройлы міндет

● Ерзат АСЫЛ

Елімізде 18 бен 27 жас аралығындағы жігіттер Отан алдындағы борышын өтеуі тиіс. SMS және eGov порталы арқылы кемінде үш күн бұрын жіберілген хабарлама ресми шақыру болып саналады. Шақырту алған азамат белгіленген уақытта жергілікті әскери басқару органына келуге міндетті.

«Әскерге шақырту алғандар Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық Ұланның, Мемлекеттік күзет қызметінің және ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімдерінде міндетін атқаратын болады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес көктемгі шақыру 17 наурызда басталды, бұл науқан 30 маусымға дейін жалғасады», – деді полковник Дулат Жұмабекұлы.

Спикердің сөзінше, Қорғаныс министрлігі әскери есеп жүйесін цифрландыруды жалғастырып жатыр. «Smart-военкомат» жобасы аясында шақырылушылардың деректері толық автоматтандырылған. Жүйе азаматтарды

тұрғылықты жері өзгерген кезде автоматты түрде есепке қояды, 17 жастағы жасөспірімдерді тіркейді, сондай-ақ кейінге қалдыру немесе босату рәсімдерін электронды түрде жүргізеді. Сонымен қатар әскерге шақыру туралы бұйрық та электронды форматта рәсімделеді. Бұл өз кезегінде әскери қызметшілерге несиелік демалыс беру үшін деректерді кредиттік бюроларға автоматты түрде жолдауға мүмкіндік береді. Медициналық тексеру процесі де цифрлық жүйеге көшірілуде. «E-Medosмотр» жүйесі арқылы шақырылушыларды куәландыру еліміздің бірқатар өңірінде кеңінен енгізілген.

Мерзімді әскери қызметтен өтетін азаматтарға мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік қолдау шарасы қарастырылған. Атап айтқанда, олар несиелік демалыс алады және ҰБТ нәтижелерін есепке алмай, жоғары оқу орындарына мемлекеттік грантпен түсуіне мүмкіндік бар. Азаматтарды әскерге шақыру науқаны жылына екі рет өтеді. Ол наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсан айларында жүзеге асады.

10.04.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерінде орналасқан «Ченгелдинское блок-1» отқа төзімді саз кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Минерал Тас» ЖШС, БСН: 240940032742, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр көшесі, 37-үй, 4-пәтер, тел: 87076606425, bagi_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 10.04.2026 ж. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении тугоплавких глини «Ченгелдинское блок-1» расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Конаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Минерал Тас», БИН: 240940032742, адрес: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Карасай батыр, дом 37, кв.4, тел: 87076606425, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

10.04.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қарасай ауданында орналасқан «Қаскелең» саздақ кен орнын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Факел» ЖШС, БСН: 910840000296, мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылайхан көшесі, 1-үй, тел: 87017575635, altyn_alma2030@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 10.04.2026 ж. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня в Карасайском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Факел», БИН: 910840000296, адрес: Алматинская область, Карасайский район, город Каскелең, ул. Абылайхана, дом 1. Тел: 87017575635, altyn_alma2030@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 10.04.2026 ж. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении осадочных пород (глини) «Қызылтобе» расположенного в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BOSAGA Со», БИН: 241040029722, адрес: г.Алматы, Алатауский район, мкр. «Дарабоз», дом 85, кв.53, тел: 87076606425, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

10.04.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Ұйғыр ауданында орналасқан «Шонжы-ПГС» кен орнының құм-кирпіш тас қоспасының қарьерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Б.З «СУНКАР» ЖШС, БСН: 110740013445, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Д.Қонаев көшесі, 255-үй, тел: 87013495537, gotova_galina@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 10.04.2026 ж. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации карьера песчано-гравийной смеси месторождения «Шонжы-ПГС» расположенного в Уйгурском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Б.З «СУНКАР», БИН: 110740013445, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент, ул. Д.Қонаева, дом 255, тел: 87013495537, gotova_galina@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

13.05.2026 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы, Қ.Шәріпов көшесі, 17 мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Үңгіртас Батыс» кен орнында құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есең» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Orion Minerals» ЖШС, БСН: 240740001725, мекенжайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 20-үй, 80-пәтер. Тел: 87053075681, ecomine@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 13.05.2026 жылы, сағат 11:30-да Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы, Қ.Шәріпов көшесі, 17 мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Үңгіртас Батыс» кен орнында құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есең» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Orion Minerals» ЖШС, БСН: 240740001725, мекенжайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 20-үй, 80-пәтер. Тел: 87053075681, ecomine@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

18.05.2026 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Әл-Фараби көшесі, 70 мекенжайында «Алматы облысы Ұйғыр ауданында орналасқан «Шонжы-ПГС» кен орнының құм-кирпіш тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Б.З «СУНКАР» ЖШС, БСН: 110740013445, мекенжайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Д.Қонаев көшесі, 255-үй, тел: 87013495537, gotova_galina@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.05.2026 ж. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Уйгурский район, с.Чунджа, ул.Әл-Фараби, 70 будет проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси месторождения «Шонжы-ПГС», расположенного в Уйгурском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Б.З «СУНКАР», БИН: 110740013445, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент, ул. Д.Қонаева, дом 255, тел: 87013495537, gotova_galina@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.

20.05.2026 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы Жамбыл ауданы Сарыбай би ауылы, Жамбыл көшесі, 53 мекенжайында «Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қызылтобе» кен орнында саз өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «BOSAGA Со» ЖШС, БСН: 241040029722, мекенжайы: Алматы қ. Алатау ауданы, Дарабоз шағынауданы, 85-үй, 53-пәтер, тел: 87076606425, bagi_zhann@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

20.05.2026 ж. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Сарыбай би, ул., 53 будет проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче глины на месторождении «Қызылтобе», расположенного в Жамбылском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BOSAGA Со», БИН: 241040029722, адрес: г.Алматы, Алатауский район, мкр. «Дарабоз», дом 85, кв.53, тел: 87076606425, bagi_zhann@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР bagi_zhann@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП Курманғалиев Р.А., тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Конаев, проспект Жамбыла, 13.



1 СӘУІР – КҮЛКІ КҮНІ



Тәлейлі тауық

Қызымның сынып жетекшісінің мамандығы биолог болатын. Екі жылдай жетекші болып келіп, биыл қызым соңғы сыныбына барғанда апайы аттестат алғанға дейін деп ерекше тапсырма беріпті. Ондағысы «Тауықтың таралымы және түрлері» деген тақырып бойынша әлемнің түпкір-түпкірінде тарыдай шашырап кеткен тауық атаулының тұқымын түгендеу екен. Яғни сыныпта 25 оқушы болса, апайлары әлемді 25 бөлікке бөліпті де, әрқайсысына тиесілі мекенді межелеп, сондағы тауық туралы бар мағлұматты жинастыруды міндеттеген көрінеді.

Бізге бұйырғаны, яғни қызыма жүктелгені Оңтүстік Африка болып шықты. Басында: «Онысы несі-ей, мұның сабаққа қандай қатысы бар? Онан да биология пәнін тереңдетіп оқытпай ма?!» – деп қоқандап көріп едік, шешесі: «Қой енді, қызымыз үздік оқып келе жатыр, бір қырысы тиіп кетер. Оның үстіне қызыңның да биологияға қызығушылығы бар», – деп басалқы сөз айтқан соң басылып, бұл шаруаға отбасы түгел жұмыла кірісіп кеп кеттік. Оның үстіне қызымның кей құрбыларына алыстағы Аляска, Курил аралдары бұйырғанын естіп, тәуба дедік.

Не керек, кірісіп кеп кетіп едік, біз ойлағандай оңай шаруа емес екен. Итініп, интернетті сүзіп шықтық. Оңтүстік Африкада оннан астам мемлекет бар екен, белінен басып, бес саусақтай менгеруге тура келді. Интернеттің тауық тақырыбына жолдай қоймайды екен, амалсыз кітапханадағы картотекаға тәуелді болдық. Мұнда да мәдениеті, әдебиеті, өнері, саясаты, ең аяғы тау-тасы, өзен-көлі сайрап алдыңнан шыға келеді де, ал тауық туралы тақ-тұқ жоқтың қасы.

Бала үшін Балқан тауға баруға бармыз, шешесінің итініп жүріп, Африкаға іссапарға қолы жеткенде қуанғанымызды айтсаңшы. Ойхой, оннан әйтеуір тауық туралы журнал, кітап көтеріп келгенінде, тағы қуандық. Шешесі де аяғы тиген жерден тауықтың «тарихын» түрте келіпті.

Е, не керек, шешесінің әкелгенін жата-жастана оқып-тоқып, қиыстырып-жиыстырып, қызымның жетекшісіне «аттестат алуға» жарты жыл қалғанда ұсына қойып едік, біртүрлі бүйірі толмай, семіз «үштікке» бағалапты. «Үштік» баға алғанына қызым қыртынып, үш күн нәр сызбай жатып алғаны.

Қайтейін, амалсыздан Африкаға өзім аттандым. Аудармашы жалдап, жөн-жосығын зерделеп, бір ай сол елдің академиялық кітапханасында болып қайттым.

Бәрін айт та, бірін айт, еңбегіміз жанып, қызымыз мектепті апайының арқасында ойдағыдай бітіріп шықты.

Сол жылы қызымыз жоғары оқу орнының биология факультетіне оқуға түсті. Ал сынып жетекшісі сол жылы «Тауықтың тұқым-тұяғы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Содан, қызық болғанда, қызымыз институттың бел ортасынан асқан мезетте, әлгі мектептегі апайы ғылым кандидаты болғандықтан, қызым оқитын оқу орнына мұғалім болып ауысып, тура қызымның курсының жетекшісі бола қалғаны бар.

Апайы келген бойда курстағы 25 тәлімгеріне «Асығыс емес, диплом алғанша» деп тағы да тауық жөнінде тақырып бөліп беріпті.

Бізге бұйырғаны, қызыма жүктелгені – бұрынғы Африканың тауығы болғанына тәуба дедік. Тек тақырыбы тереңдеп, тамыры тарамданыпты.

Қызымыздың алдында магистратура бітірсем деген арманы барын білетін басым, ойланбастан Оңтүстік Африкадағы Елшілікке күзетшілік қызметке кете бардым.

Жазмыштан озмыш жоқ


Пықып ата кәсіпті жалғастырып, мына нарықтық заманда кәсібі де, нәсібі де болған диірменіне тәуба етеді. Күн демей, түн демей, тау болып үйілген қап-қап дән атаулыны ұсақтап, ұнтақтап-ақ тапқан табысы қомақты.

Тек көресіні тышқандардан көріп-ақ бақты. Міне, қазір бірер сәтке арсыл-гүрсіл диірменін тоқтата қалып еді, пәлекеттер, тышқандарды айтамын – бағанадан бергі өз «шаруасын» кілт доғарып, жалмауызға да жан керек, безіп барады-ай!

Басында пәлекеттерге қақпан құрып көрген. Қақпанға ілмеген нәрсесі жоқ, дән тұрғанда, әсіресе бидай асының атасы болуы керек, біріне де пысықырып қарамайды.

Қақпаннан күдер үзіп, бір білгіштің деуімен өмірем қаптырар арнайы дәрісін де сөуіп көрген. Онысы аз-маз сеп болып, сәл-пәл теңкіткені бар болсын, бір-екі бидай иесі ұнымыздан жағымсыз иіс шығады деп дікендеген соң, іс насырға шаппай тұрғанда онысын мүлдем тыйып тастаған болатын.

Е, кезек мысекеңе ойысып, мысықтың екі-үш түрін асырап еді, пәлекетің ата жауы емес пе, қырғидай тиді десе болады.



Көп өтпей «көбею» үрдісі ілгері озып, өзі де көбейгіш пәле – қамбамад мысық атаулыдан айнала алмайтын халге жеттім. Көбейгені сонша, азығы тышқан жетпей, оларды асырау да мойныма қосымша жүк болды.

Көршілердің күңкіл-сыңқыл, арыз-шағымынан соң қаптаған мысық атаулы басыма пәле болып жабысып, амалсыз мұның ата жауы ит асырауға тура келді.

...Е, ит пен мысық ырылдасып-қырқысып, қикуы «қырқа» асып, не керек, ит пен мысық аулағыштарды жалдауға тура келді... Бұлардың ақысы ит пен мысықты асырағаннан он есеге асып жығылып, тапқан табысымын қомақты бөлігі соларға кетті. Жығылғана жұдырық, аулағыштарды андидын «жан-жануар жанашырлары» ғайыптан тайып келе қалып, әйда, келіп, айыппұл салып, сығып алмасы бар ма?! Олар ойсыратқан айыппұлмен шектелмей, мұның кәсібінің есігіне бақандай екі айға «қара құлып» салып қақыратты емес пе?!

Сондағы құлазып күңіренгені әлі есінен кетпейді. Ойлап көрсе, қақпаны мен дәрісі майда-шүйде дейік, мысықтың «мипалауы», иттің «ырың-жырыны», аулағыштардың «аумақ-саумағы», соңғы сұрқия «жан-жануар жанашырлары» теспей сорып, сорын қайнатқан-ақ екен!


Пыкекен есеңгіреп тұрып, ес жинап, етек-жеңін жинап барып ата кәсібін қайта қолға алып еді, Құдайға шүкір, кәсібі қалпына келіп, диірмені дүрлідеп-гүрілдеп жүріп кеп бергені. Пықып диірмен гүрілінен ілесінін қайта шыққан тышқандарға қарап жымиып қойып, ішінен «Жазмыштан озмыш жоқ» деп күбірлеп алып ата кәсібіне құлшына кірісті.

Берік САДЫР,
сатирик-жазушы

● ТӘРБИЕ

Салт-дәстүрім – салтанатым

Кеген ауданы Тасашы ауылындағы аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Дәстүр сөйлейді: әр салттың астарындағы мағына» тақырыбында танымдық кеш өтті. Ізгі шараның мақсаты – ұрпағын салт-дәстүрмен, әдепті ырым-тыйыммен тәрбиелеп келе жатқан дана халқымыздың өнегесін одан әрі жаңғырту, жас ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіру.



● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

– Дәстүр ата-бабаларымыздың дүниетанымымен астарлас. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті қазынамыз, – деген Тасашы ауылдық аналар кеңесінің төрағасы Сара Қасымханова аталған кештің мәні мен мазмұнына кеңінен тоқталды.

Шара барысында ауыл өнерпаздары – Бақыт Халықова, Тұрахан Қоңыржанқызы, Жандос Асанов, Әмзбек Нұрбүбі, «Аруана» әжелер тобы дәстүрлі әндерді құйқылжыта шырқап, жиналған көпшілікті ерекше әсерге бөледі. Республикалық байқаулардың жеңімпазы, әнші Төлгожа Алпамыс арнайы келіп, өнерін ортаға салды.

Әсем әнмен әрленіп, тәтті күймен көмкерілген игі шарада құттықтау сөз алған қонақтар да аз болған жоқ. Аудандық аналар кеңесінің төрағасы Бақытгүл Көнеева тағылымды кештің өтуіне ұйытқы болған Сара Қасымханова мен ауыл тұрғындарына алғысын білдіріп, алдағы уақытта да дәстүрімізді насихаттайтын шаралар жалғаса беретінін айтты. Тасашы ауылының әкімі Ерболат Төребаев ақ жаулықты аналарға ризашылығын білдіріп, белсенді қызмет еткен әйелдер қауымын Алғыс хатпен марапаттады.

Ұлттық болмысты сақтау, құндылықтарды қастерлеу, ата дәстүрді дәріптеу – басты парызымыз. Осылай тәрбиеленген ұрпақ әлемдік өркениеттің көшінен қалмай, елімізді жарқын болашаққа бастайтыны анық.

Кеген ауданы

● КӨРМЕ

Ұлттық өрнек – ұрпаққа өнеге

Шамалғандағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында «Ұлт өрнегі – ұрпақ өнегесі» атты ұлттық киімдердің сән көрмесі көпшілікке ұсынылды.



Көрмеде қыз-келіншектердің талғам таразысына сай келер эстетикалық күміс, түрлі-түсті тастармен көмкерілген әшекейлер жиынтығы көрме экспозициясы төрінен орын алды. Көрмені республикамызға танымал, ұлттық қолөнер заттарын бұқара көпшілікке насихаттап жүрген қарасайлық Бекдайыр әулетінің ұлттық ренгеті ою-өрнекпен нақышталған туындылары құрады. Бұл әулет өз туындыларымен Әзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдығына арналған ұлттық киім және «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауларының бас жүлдесін иеленген.

Бекдайыр отбасының ұлттық нақыштағы туындыларын тамашалауға келген Ә. Бұқарбайқызы атындағы және Қарасай батыр атындағы орта мектептің жоғары сынып оқушыларының назарына ұлттық құндылықтарымыз ұсынылды. Көрмеде ұлттық мәдениетіміздің ілкі бастаулары байырғы тарихымызбен астастырыла көрсетілді. Заманауи технологиялар жетістігін пайдалана отырып, өскелең жастың талғамына оң әсер беретін, тіпті қыздардың қызығушылығын оятқан әшекей – сырға, сақина, алқа, білезік, шашбау, көз жауын алар шекеліктің түр-түрі көрмеден орын тапты. Қазақ тарихының байырғы құнды жәдігері жарғас суреттеріндегі айшықты бейнелер, ою-өрнек үлгілері сонау қола дәуірі кезеңнен қалған құндылықтарымыз мата, жүн мен киіз үлгілерінен дайындалған киім-кешек туындыларынан, яғни, коллекциялық топтамасын жоғары сынып оқушылары өз қалауына қарай киіп, жастар талғамындағы сән көрсетілімін жасады.

– Ұлттық киім мен қолөнер туындылары – халқымыздың рухани мұрасы, тарихы мен тағылымының айнасы. Ою-өрнектің өзі – терең мән мен мағынаға ие, әрбір киімде – тәрбие, әрбір әшекейде ұлттық болмыс жатыр. Осы арқылы біз жас ұрпақты тәрбиелеп қана қоймай, бойларына ұлттық құндылықтарды сіңіреміз, – деді көрмеге қойылған жәдігерлердің төл авторлары – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Суретшілер одағының мүшесі Қоңыр Бекайдар мен зайыбы Анар Нарботанова.

Шара барысында қазақ халқының тарихы да баяндалды. Көрме жұмысының басты мақсаты өткен кезең мен бүгінгі күннің сабақтастығын көрсету болды. Орталыққа көрме экспозициясын тамашалай келген көпшілік, ұлттық бұйымдарға қызыққан оқушылар орталықтың ғылыми қызметкерлеріне өздерінің сауалдарын қойып, ұлттық құндылықтарымыздың мәні мен маңызына терең үңілді.

Алпамыс ӘБУ,

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкері
Қарасай ауданы

Шакиров Досбол Айбековичтің атына (15.09.1990 ж.т., ЖСН: 900915001001), №061376147, 12.11.2025 жылы ҚР ІІМ берілген шетелдіктің тұру ықтияр-хатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Утерянный вид на жительство иностранца №061376147, выданный 12.11.2025 г., МВД РК на имя Шакиров Досбол Айбековича (ИИН: 900915001001, 15.09.1990 г.р.) считать недействительным.

● ЧЕМПИОНАТ

Қонаев қаласында жасөспірімдер арасында 3x3 баскетболының облыстық чемпионат өтті. Жарысқа аймақтағы қалалар мен аудандардан келген командалар өзара мықтыны анықтады. Бұл турнирде үздік шыққан спортшылар облыс құрамасының сапына алынады.

● Ерзат АСЫЛ

Бүгінде 3x3 баскетболының облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы Баскетбол федерациясымен бірлесе отырып дамытуда. Мұндай додалар спортқа деген қызығушылықты арттырып, болашақта үлкен жетістіктерге жетуге септігін тигізеді.

«Көбісі әлі де 3x3 баскетболының стритбол деп атайды. Ереже бекітілгеннен кейін ресми түрде атауын өзгертіп, 3x3 баскетболына айналды. Алаңдағы үш ойыншыдан басқа да айырмашылықтар бар. Мысалы, ойын 10 минутқа созылады, торға

Баскетбол бәсекесі



жакын қашықтықтан доп соқсаң, бір ұпай беріледі. 3x3 баскетболынан әлем чемпионаты 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Бұл спорт түрі алғаш рет 2020 жылы Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енді. Сондықтан 3x3 баскетболында да, классикалық баскетболда да біздің алдымызда

маңызды міндет тұр», – дейді бас төреші Максим Шалаев.

Тартысты өткен баскетбол бәсекесінде Талғар ауданының командасы топ жарса, Қарасай ауданының командасы екінші, ал Ұйғыр ауданынан келген баскетболшылар үздік үштікті түйіндеді. Жеңіс тұғырынан көрінгендер кубок және медальмен марапатталды.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жауһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алатау – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 319

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:

Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың

бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың

орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҰРЖАУОВА